

Кеңес «Ең жақсы әкеге жаднама!»

Қай кезде болмасын әке болу адам үшін сөз жетпес бақыт. Аяғы ауыр жұбайына қамқорлық көрсетіп, оны ренжітіп алмауға тырысады. Өз баласының өмірге келуін тағатсыздана күтеді.

Сонымен ер адам өмірінде көптеген өзгерістер, жаңа қызығушылықтар, сезімдер пайда бола бастайды. Сөйтіп бар күш-жігерін салып ең жақсы әке болуға тырысады.

Әйелге қиынырақ

Сәбидің дүниеге келуіне байланысты ең жақсы әке жұбайына көмектесуге, қолдауға тырысады. Өйткені ол жұбайын толығымен түсінеді, олардың арасындағы жақсы қарым-қатынастың бала үшін маңызы зор екенін біледі. Сондықтан да дәл осы кезеңде әйел ерінен нәзіктікті, көңілін көтеруді талап етеді. Ең жақсы әке үй шаруасына ойланбастан кірісіп кетеді, әйеліне адамгершілік қолдау көрсетеді: түсіну, мейірім, нәзіктік, әйелінің еңбегін бағалай білу.

Кішкентай нәрестесі бар ана ер адамға дұрыс көңіл бөле алмай жатады, бірақ бұл жағдайда жақсы әке бұл кезеңнің өтпелі екендігін жақсы түсінеді. Сондықтан жақсы әке өз тарапынан сүйіспеншілікті, қамқорлықты, нәзіктікті аямайды.

Міндеттерді бөліп қажеті жоқ

Қазіргі кезде көптеген әкелер үй міндеттерін бөлмейді, керісінше өз отбасына көмектескісі келіп тұрады. Өйткені жақсы әкелер тек қана әйел адам үй жұмысын істеу, баланы тәрбиелеу, оны тамақтандыру, жаялығын ауыстыру керек деп санамайды. Ал баламен рухани жақындылық және достық қарым-қатынас оның келешек өміріне және мінезіне өшпестей із қалдыратыны туралы естен шығармаған жөн. Егерде алғашқы екі жылда балаға қатысты барлық міндеттерді әйелінің мойнына артып қойса, бала тәрбиесінің мәселелерін тек қана анасы шешетін болады. Сондықтан уақыт өте келе әкеге өзінің құқығын және міндеттерін жүзеге асыру қиын болады.

Әке мен бала

Жақсы әке қанша рет баланың тамағын береді және жаялығын ауыстырады, оған өте мән бере бермейді, санаспайды. Бала мен әкенің арасындағы табиғи қарым - қатынас баланың бақытты дамуының кепілі. Бала біртіндеп әкесін түсіне бастайды, бұл баланың психикалық дамуына жақсы әсер етеді.